

"Орал "Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қарашадағы N 1217 Қаулысы

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар Батыс Қазақстан облысының "Орал "Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамының банкрот деп танылуына байланысты, сондай-ақ "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Орал "Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың мыналарды көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін:

1) конкурстық массаны екі лотпен сату:

бірінші лот - Қоғам өндірісінің бірыңғай технологиялық циклын қамтамасыз ететін мүлік (негізгі құралдар, материалдар, өндірістік-техникалық құжаттама және басқалары)

және екінші лот - арнайы мақсаттағы бұйымдар, оларға арналған арнаулы жинақтаушы

шығыс

материалдары;

2) ең төменгі бағасын белгілеу:

бірінші лот - бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың сомасынан төмен емес;

екінші лот - үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес.

2. Бірінші лотты сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

1) сатып алушының 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімге сәйкес Қоғамның мамандануын сақтау жөнінде міндеттеме қабылдауы;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмылдыру тапсырысының орындалуын қамтамасыз етуі;

3) сатып алушының заңнамада белгіленген тәртіппен, егер олар басқа салаларда пайдаланылмаса, қару-жарақты және оның оқ-дәрілерін, әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы элементтер мен оның аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, пайдалануды, сақтауды, жөндеу мен сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, шығару оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, шығару, жөндеу және сату саласындағы лицензиялар алу жөнінде міндеттемелер қабылдауы;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер қ а б ы л д а у ы ;

5) сатып алушыда Батыс Қазақстан облысы әкімдігімен келісілген мұнай-газ кешенінің мұқтаждары үшін бұйымдар номенклатурасын игеру жөнінде инвестициялық бағдарламасының болуы;

6) сатып алушының Қоғам қызметкерлерінің саны кемінде 200 адамын жұмыспен қамтамасыз етуі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі